

«Поэзия - менімен егіз бе едін»

Авторлар: спецbib

27.02.2020 13:20 - Жанартылған 27.02.2020 13:48

18-ақпанда Шымкент қалалық арнайы көзі қорғайтын және әлсіз қорғайтын азаматтарға арналған кітапханада «Тағдырластар» клубының «Поэзия - менімен егіз бе едін» атты кезекті басқосуы өтті. Іс-шараға аудандар мен қаламыздан келген оқырмандар, №8 Арнаулы әлеуметтік қызметтер қорсету орталығының демалушылары қатысты. Ербек Бакиев, Гүлмира Оразова, Мадина Ермаханова қазақтың ақиық ақыны Мұқағали Мақатаевтің жырларын оқып, әншілер Айнұр Смандияр, Рүстем Таиров және іс-шара қонағы Жұлдыз Кабылбекқызы әсем әндерін көпшілікке тарту етті. Ал жас ақын Сезім Мергенбай өзінің қаламынан туган бірнеше жырларын оқып өтті. Клуб жетекшісі Ербек Бакиев поэзиямен байланысты сауалдар қойып, қызықты ойындар ойнатып, жеңімпаздарға сыйлықтар табыстады. Поэзияны терең ойға бағындырған ақындардың жырларымен, күлак құрышын қандыра әсем әндермен сусындаған оқырмандар алғыстарын білдіріп, ерекше көңіл күймен тарасты. Кеш соңында Ж.Кабылбекқызына кітапхана директоры Б.Нурманбетовтың атынан арнайы алғыс хат табыс етілді.



«Поэзия - менімен егіз бе едін»

Авторлар: спецбiб

27.02.2020 13:20 - Жанартылган 27.02.2020 13:48

